

Ойыл ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 199 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 қаңтарда № 31532 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 30 қазандағы № 80 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 30.10.2023 № 80 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері - болу құнының 1 (бір) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ойыл аудандық
мәслихатының хатшысы*

С. Займолдин